

ӘОК 538.915

БАЯУ БУЛАНУ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ӨСІРІЛГЕН Na_2SO_4 КРИСТАЛЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЛЮМИНЕСЦЕНЦИЯСЫ

Амангельдинов Алем Ардакұлы¹, Муртазин Әсет Русланұлы²

77479192309@yandex.kz

¹Л.Н. Гумилев ат. ЕҮУ магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

²Л.Н. Гумилев ат. ЕҮУ докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Салиходжа Ж.М.


Kіріспе

Сілтілі және сілтілі жер металл сульфаттарында радиациялық ақаулардың түзілу процесстерінің зерттелуі олардың дозиметрлер, сцинтиляторлар және люминофорлар ретінде қолдануымен байланысты. Мысал ретінде, сирек кездесетін элемент қосылған натрий сульфатының кристалдары термолюминесценттік дозиметрлер ретінде қолданылады[1].

Сілтілі және сілтілі жер металл сульфаттарында кристалдық құрылымды түзуші бөлшектер ионды-коваленттік байланысқа ие. Металл иондары мен оксианионды топтар (сульфаттар) арасында иондық байланыс, ал оксианионды топ ішінде төрт оттегі атомдары мен бір күкірт атомы коваленттік байланыспен байланысады. Күкірт атомы тетраэдрлік пирамиданың ортасында, ал пирамида шындарында оттегі атомдары орналасады. Рентген құрылымдық талдау мәліметтері бойынша[2], сілтілі метал сульфаттарында анионды комплекс SO_4^{2-} дұрыс тетраэдрлік құрылымға ие.


Натрий сульфаты ромбы қристалдық жүйеге және Fddd кеңістікті топқа жататын бейорганикалық қосылыш, табигатта мирабилит, глауберит және тенардит минералдар

түрінде кездеседі, кристалдық құрылымы 1-суретте көрсетілген. Na_2SO_4 кристалы сулы ерітіндіден баяу булану әдісі арқылы кристалл түрінде алынады[3].



1-сурет – Na_2SO_4 кристалы 3D кристалдық құрылымы [3]


[4] жұмыста сканерлеуші электронды микроскоп (СЭМ) арқылы жасалған Na_2SO_4 кристалының суреті көрсетілген, 2-сурет. СЭМ нәтижелері бойынша Na_2SO_4 кристалдары ромбы кристалдық жүйеге жататыны айқын көрінеді.



2-сурет – Na_2SO_4 кристалының СЭМ арқылы жасалған суреті [4]

Сілтілі және сілтілі жер металл сульфаттарында SO_4^{2-} аниондық комплексі сәулелену процесстерінде негізгі рөл атқаратыны[5] жұмыста көрсетілген. Электрондық өтулерге қатысады, валенттік аймақтың жоғарғы бөлігі сульфат анионының $(2a_1)^2$, $(2t_2)^6$, $(1e)^4$, $(3t_2)^6$, $(2t_1)^6$ орбитальдарынан қалыптасады. Өткізгіш аймақтың төменгі бөлігі SO_4^{2-} анионның толтырылмаған $3a_1^x$ және $4t_2^x$ орбитальдарынан, жоғарғы бөлігі катионның электрондық күйлерінен қалыптасады.

Электрон-кемтіктік қармап алу орталықтарының түзілуі келесі реакциялар нәтижесі ретінде ұсынылған[6-8]:



Нәтиже ретінде сілтілі металл сульфаттарында SO_4^- кемтіктік және SO_4^{3-} электрондық қармау орталықтары және $\text{SO}_3^- v_a^+ e^-$ тұрақты электрондық қармау орталықтары түзіледі. Радиациялық ақаулардың немесе электрон-кемтіктік қармап алу орталықтарының түзілу механизмін анықтау үшін бұл процесстердің кинетикасын зерттеу қажет.

Бұл жұмыстың мақсаты баяу булану әдісімен өсірілген Na_2SO_4 кристалының 300К температурада 5,9-6,2 эВ фотон энергиясымен қоздырылған сәулелену жолақтарын зерттеу. Эксперимент нәтижелері

Баяу булану әдісі арқылы Na_2SO_4 кристалының өсірілуі

Na_2SO_4 кристалы баяу булану әдісімен қолтанылатын температурага байланысты кристалдар әртүрлі формада түзіледі. 40°C-дан жоғары температурада октаэдрлік

кристалдар, бөлме температурасында төртбұрышты призмалар және 10°C-дан төмен температурада ине тәріздес болып қалыптасады. Натрий сульфатының сулы ерітіндіде температураға байланысты ерігіштігі 1-кестеде көрсетілген[9].


1-кесте

Натрий сульфатының судагы ерігіштігінің температураға тәуелділігі [9]

Температура, °C	0	0	0	0	0	0	0	0	0	00	
Ерігіштік, гр/100 суға	,9	,7	4,3	0,8	7,8	7	5,3	4,5	3,7	2,7	2,5

Na_2SO_4 кристалдары баяу булану (изотермиялық) әдіс арқылы 40°C температурада $\text{Na}_2\text{SO}_4 \cdot 10\text{H}_2\text{O}$ декагидрат сулы ерітіндіде, лабораториялық колбаларда өсірілген. $\text{Na}_2\text{SO}_4 \cdot 10\text{H}_2\text{O}$ ерітіндін дайындау үшін дистилденген су мен натрий сульфатының ұнтақтары Sartorius лабораториялық электронды таразы және 40°C температурада MI0102003 5 Inch LED Hotplate магниттік араластыргышы арқылы дайындалған. Ерітінді құрамы (концентрациясы): 200 мл дистилденген су мен 85 гр натрий сульфатының ұнтағы.


Эксперимент кезінде баяу булану әдісі арқылы өсірілген Na_2SO_4 кристалдары Засуретте көрсетілген. Сәулелену және қозу спектрлері өлшенген натрий сульфат кристалы 3b және 3c суреттерде көрсетілген, өлшемі 9x7x4 мм. Өсірілген Na_2SO_4 кристалдары ромбы қристалдық жүйеге жататыны айқын байқалады.



3-сурет а – Баяу булану әдісі арқылы өсірілген Na_2SO_4 кристалдары, б және с – өлшеулер үшін таңдалған үлгілер


Na_2SO_4 кристалының люминесценциясы

Na_2SO_4 кристалдарының сәуле шығару және қозу спектрлерін өлишеу үшін ультракүлгін және көрінетін аймақ диапазонында жұмыс істейтін SOLAR CM2203 спектрофлуориметр арқылы, бөлме температурасында, яғни 300 K кезінде өлшенген. Алынған мәліметтер математикалық және статистикалық функциялармен жұмыс істеуге арналған OriginPro 8 бағдарламалық жасақтама арқылы өндөлген.



4-сурет – 300К температурада 6,2 әВ (200 нм) энергиялы фотондармен қоздырылған Na_2SO_4 кристалының сәуле жолақтары


4-суретте 300 К температурада 6,2 әВ (200 нм) энергиялы фотондармен қоздырылған Na_2SO_4 кристалының сәуле жолақтары көрсетілген. 4-суреттен максимумы 4 әВ болатын сәуле жолағы және 3 әВ болатын ұзын толқынды сәуле жолағы айқын байқалады.



5-сурет – 300 К температурада 5,9 әВ (210 нм) энергиялы фотондармен қоздырылған Na_2SO_4 кристалының люминесценция спектри


5-суретте 300 К температурада 5,9 әВ (210 нм) энергиялы фотондармен қоздырылған Na_2SO_4 кристалының сәуле шығару жолақтары көрсетілген. Сурет бойынша, максимумы 3,72 әВ болатын сәуле жолағы және 3 әВ ұзын толқынды сәуле жолағы айқын байқалады. Na_2SO_4 кристалының сәулелену жолақтарының қисықтары Гаусс функциялары ретінде 4b және 5b суреттерде көрсетілген.

6-суретте Na_2SO_4 кристалының 3,88 әВ (320 нм) сәуле жолағы үшін 300 К-дегі қозу спектрі көрсетілген. Қозу спектрінің нәтижелері бойынша 3,88 әВ сәуле жолағы 5,1-6,2 әВ энергиялы фотондармен қоздырылған кезде байқалады.



6-сурет – Na_2SO_4 кристалының 3,88 эВ (320 нм) сәуле жолағы үшін 300 К-дегі қозу спектрі

7-суретте Na_2SO_4 кристалының 3 эВ (415 нм) сәуле жолағы үшін 300 К-дегі қозу спектрі көрсетілген. Қозу спектрінің нәтижелері бойынша 3 эВ сәулелену жолағы энергиясы 5,1 эВ және одан жоғары энергиялы фотондармен қоздырылған кезде байқалады. Эксперименттер нәтижелері бойынша, Na_2SO_4 кристалында 3 эВ және 3,7-4,1 эВ сәуле жолақтары 5,1-6,2 эВ энергиялы фотондармен қоздырылған кезде пайда болады. Сәуле жолақтарын тудыратын 5,1 эВ минималды фотон энергиясын Na_2SO_4 кристалының тыйым салынған аймағының ені ретінде бағалауға болады.



7-сурет – Na_2SO_4 кристалының 3 эВ (415 нм) сәуле жолағы үшін 300 К-дегі қозу спектрі

Корытынды

Баяу булану әдісі арқылы ерітіндіден, өлшемдері шамамен 9x7x4 мм Na_2SO_4 кристалдары өсірілген. Na_2SO_4 кристалында 3 эВ ұзын толқынды және 3,7-4,1 эВ қыска толқынды сәуле жолақтары 5,1-6,2 эВ энергиялы фотондармен қоздырылған кезде қалыптасады. Na_2SO_4 кристалының сәулелену жолақтарын тудыратын минималды фотон энергиясы бағаланған, яғни Na_2SO_4 кристалының тыйым салынған аймағының ені 5,1 эВ-тан артық болуы керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1.Rowlands A.P, Tyagi A.K., Karali T., Townsend P.D., Spectrally Resolved Luminescence of Undoped and Dy³⁺ Doped Na₂SO₄ //Radiat. Prot. Dosim. 100 (2002) 55–60.
- 2.Ормонт Б.Ф. Структуры неорганических веществ. М.-Л.: Техеориздат., 1950. –781с.
- 3.Aierken Sidike, Rahman Abu Zayed Mohammad Saliquur, Jui-Yang He, K. Atobe, N. Yamashita, Photoluminescence properties of thenardite activated with Eu //J. Lumin. 129, 1271 (2009).
- 4.Palanisamy Saritha, Seshathri Barathan, Ganesan Sivakuma. Growth and Analysis of Urea Thiourea Sodium Sulphate Crystal, Journal of Applied Physics, Volume 4, Issue 4 (Sep. - Oct. 2013), PP 38-41.
- 5.Höjer. G., Meza-Höjer S., Hernández de Pedrero G. A CNDO Study of the Electronic Structure of Oxyanions XO_4^{n-} with X = Si, P, S, Cl, Ge, As, Se, and Br. //Chem. Phys. Lett., 1976, vol. 37, no. 2, pp. 301–306.
- 6.Danby R.J., Boas J.F., Calvert R.L., Pilbrow J.. ESR of Thermoluminescent centers in CaSO₄ single crystals // J. Phys.C: Solid State Phys. – 1982. – Vol.15. – P. 2483–2493.
- 7.Byberg I.R. O⁻ detected by ESR as a primary electron-excess detects in irradiated K₂SO₄ // J. Chem. Phys. –1986. – Vol. 84, II, – P. 6083–6085.
- 8.Andrievskii B.V., Kurliak V.Y., Romaniuk N.A., Ursul Z.M. Spektry otrazhenya i opticheskie postoiyannye monokrystallov sulfata kaliya v oblasti 4-22 eV. //Optika i spektroskopia. – 1989. – Т. 66, № 3. – P. 623–628.
- 9.<https://ru.crystals.info/>.